



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшілік, 11
тел: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

31.10.2017 № 6

№ _____ ге

Тұрақты комиссияның 2017 жылғы 31 қазандағы қаулысы

Астана қаласы мәслихатының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі №50/9-VI «Астана қаласында автокөлік жолдарының дамуы және күтіп ұстау мәселелері бойынша атқарушы органдарының жұмысы жөніндегі шешімінің орындалу барысы туралы»

«Астана қаласы мәслихатының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі №50/9-VI «Астана қаласында автокөлік жолдарының дамуы және күтіп ұстау мәселелері бойынша атқарушы органдарының жұмысы жөніндегі шешімінің орындалу барысы туралы» Астана қаласы әкімдігінің ақпаратын тыңдап, талқылай келе, Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы елорданың атқарушы органдарымен қалалық мәслихаттың сессиясының ұсынымдарын орындау бойынша іс-шаралар қабылданып жатқанын атап өтті.

2017 жылы елордада автокөлік жолдары мен көшелерін салуға, қайта жөндеуге, жөндеуге және күтіп ұстауға 62 203 133,1 мың теңге, оның ішінде көлік жолы инфрақұрылымын дамытуға республикалық бюджеттен 43 415 848,0 мың теңге, жергілікті бюджеттен - 5 693 689,1 мың теңге бөлінген.

Қалалық көшелерді орташа жөндеуден өткізу үшін жергілікті бюджеттен 6 749 188,0 мың теңге, «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасы бойынша 994 408,0 мың теңге бөлінді. 2017 жыл бойынша автокөлік жолдары мен көлік жол айырығының құрылысы үшін 260 нысан, оның ішінде сот шешімі бойынша - 95 нысан, сатып алу туралы шарты бойынша - 165 нысан сатып алынды.

2017 жылы ұзындығы 23,4 шақырымды құрайтын 11 көше салынды. Мәңгілік ел мен №31 көше қиылысында 35 000 шаршы метр аумағына 1500 көлік сыйымдылығымен тұрақ салу жұмыстары аяқталды.

Н.Тілендиев даңғылынан Оқжетпес көшесіне дейінгі телімде Ш.Бейсеков мен Орынбор көшелері бойында 5-кезектегі жылу жолдарын салу жұмыстары жалғасуда. Ш.Бейсеков көшесінен Күмісбеков көшесіне дейінгі телімде Жангельдин көшесінің құрылысы басталып кетті.

Қала көшелерінде көлік жүктемесін шешуге бағытталған жұмыс күшейтілуде. Шағын айналма жолдың құрылысы аясында ұзындығы 3 шақырым болатын Сарайшық көшесінің бойында өтпе жолының ашылуы, Абылай хан даңғылы мен Р. Қошқарбаев көшесінің қиылысында көлік жол айырығының құрылысын аяқтау, №46 көшесінен №31 көшесіне дейінгі телімде Ұлы Дала көшесі мен Тәуелсіздік даңғылының құрылысы жоспарланған.

Қаланың әлеуметтік нысандарына инженерлік желілерді жалғау және кірме жолдарын салуды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жалғасуда. Алматы-2 көшесі, С.Сейфуллин көшесі, М.Жұмабаев көшесі, Баянтау, Сығанақ көшесінен оңтүстікке қарай ауданда ішкі көшелердің құрылысы жүріп жатыр.

Жауапсыз мердігерлерге қатысты шаралар қабылдануда. 2017 жылы Астананың мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына алты шағым жіберілген, 1-қанағаттандырылды, 2- қаралуда.

Жолдарды салу және қайта құру, инженерлік-коммуникациялық желілерді салу кезінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің өзара келісіп әрекеттесуін қамтамасыз ету мақсатында апта сайын Астана қаласының инженерлік, көлік инфрақұрылымы және қала құрылысы мәселелері бойынша атқарушы органдар мен коммуналдық ұйымдардың жұмысын үйлестіру жөніндегі жұмыс тобының отырыстары өткізілді.

Астана қаласының шет аймақтарын дамыту бойынша жұмыстар жетілдірілуде. Ағымдағы жылы жалпы ұзындығы 1,8 шақырым болатын төртінші кезектегі екі көшені толық көлемде аяқтау жоспарланып отыр және Комсомолдық тұрғын алабында ұзындығы 2,0 шақырым болатын бес көшенің құрылысы жалғасуда, Оңтүстік-Шығыс және Көктал-2 тұрғын алаптарында құрылыс жұмыстары 2018 жылы толық аяқталады деп күтілуде. «Интернационалдық, Мичурино тұрғын алаптарында 1,2 кезектегі сыртқы инженерлік желілерді салу» жобасына түзету енгізілді.

Қалалық жол желісінің сапасын жақсартатын заманауи технологияларды енгізу және автокөлік жолдарының ұзақ уақыт бойы жол жабындысының бұзылмауын қамтамасыз ету үшін мақсатты жұмыс жүргізілуде.

Ағымдағы жылы жалпы ұзындығы 21,1 км болатын 55 көшеге «SCREPTON» материалын қолданумен жол салынды. Автокөлік жолдарының құрылысының сапасы мен техникалық сүйемелденуін автокөлік жолдары комитеті жанындағы РМК «Астана қалалық зертханасы» қатаң бақылауда.

Жобалауға берілген техникалық тапсырмаға сәйкес жобалау-сметалық құжаттаманы орындау сапасын тұрақты түрде бақылау жүргізілуде.

2017 жылы «ТАЙМАС СД» ЖШС жобалық-сметалық құжаттаманы нашар әзірлегені үшін, сотқа берілген арыздың нәтижесінде өз есебінен құрылыстың құнын арттырмастан екінші мемлекеттік сараптамадан өткізумен, қайта жобалауды дайындауда.

«КазГерСтрой»БК» ЖШС кепілдік міндеттемелер аясында Р.Қошқарбаев көшесі бойында М. Жұмабаев көшесінен Сарыкөл көшесіне дейін, А.Байтұрсынов көшесі бойында Тәуелсіздік көшесінен Сарыкөл көшесіне дейін асфальт бетон жабындысының жоғарғы қабатын ауыстыру жұмыстарын жүргізді. «АБК Автодор-НС» ЖШС ЖЭО-2 кірме жолдарының тас төсегіштерін ауыстырды, «АИС Астана» Компаниясы» ЖШС-мен Ш.Бейсеков көшесінің бойында Сығанақ көшесінен Қорғалжың тас жолына дейін тас төсегіштері мен жарықтандыру тіректері ауыстырылды, «АГС Пласт» ЖШС-мен Сарыкөл көшесі бойында Р.Қошқарбаев көшесінен Ш.Қалдаяқов көшесіне дейін жарықтандыру тіректері ауыстырылды.

Қаланың шегіндегі жолдардың, көпірлер мен тротуарлардың, оның ішінде қаланың ескі бөлігіндегі жолдардың жай-күйі бойынша жүйелі түрде мониторинг жүргізіледі.

Жол құрылысы кезеңінің қысқа мерзімділігіне байланысты барлық қаржыландырылатын нысандарға құрылыс-монтаждау жұмыстарын жасау күшейтілді. Құрылыстағы техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау стандарттарын енгізу бойынша жиналыстар өткізілді.

Ағымдағы жылы М.Жұмабаев, №27, №31 көшелері жарықтандырумен қамтамасыз етілді. Қаланың 3 ауданының тұрғын алаптарында 98 қашықтағы көшелерінің жарықтандыру желілерінің құрылысы бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленді.

Астана қаласының коммуналдық меншігіне объектілерді беру үдерісі жүріп жатыр, қала кәсіпорындары қала аумақтарын ашу жұмыстарын аяқтағаннан кейін қалпына келтіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс барысы қадағалануда. Мүдделі қалалық құрылымдармен бірге жұмыс жүріп жатқан телімдерге бару ұйымдастырылған. Анықталған құқық бұзушылық фактілері бойынша материалдар Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне сәйкес тиісті қалалық қызмет орындарына жіберіледі.

Сонымен бірге, Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссиясы жүргізілген іс-шараларға қарамастан атқарушы органдардың атқарған жұмыстар елордада жолдарды дамыту және күтіп-ұстау мәселелерін толығымен шешпегенін атап өтті.

№85 көшеде жол салу жобасы бойынша іс-шаралар қабылданған жоқ, оны іске асыру мерзімі 2018 жылға ауыстырылды. Жол төсемін инертті материалдармен толтыру бойынша жүргізілген жұмыстар нәтиже бермей отыр.

Кейбір тұрғын үй кешендеріне және қоғамдық көлік аялдамаларына баратын жолдардың салынбау мәселесі назар аударуды қажет етеді. Көше мен ішкі орам жолдарында жаяу жүргіншілер жолының болмауы тұрғындарды, соның ішінде балаларды жол бойымен жүруге мәжбүрлейді, бұл мәселе де қала тұрғындарының наразылығын тудыруда. Әсіресе, салынатын жолдар мен жаяу жолдарға «Коктал-2» тұрғын алабы, Торғай көшесі, Маятас көшесі, Өркен

көшесі, Дулатов көшесі, «Өндіріс» ТА, М.Жұмабаев көшесінің бойында мемлекеттік бағдарлама бойынша салынған үйлердің тұрғындары мұқтаж.

Жол салу барысында (Ақжол, Қаратал көшесі) құрылыс талаптары мен қағидаларын сақтамау қала құрылысы заңнамасының талаптарына қайшы келеді. Жолдардың қызмет ету мерзімін оларды салуға жұмсалған қаражатқа сәйкестендіру қажет.

Әлеуметтік нысандарға, атап айтқанда № 71,73,81 және 83 мектептеріне, ММУ жатақханасына кірме жол салу мәселесі шешілмей жатыр. Мектептерге кіретін жолдардың болмауы мектеп оқушыларының өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп тудыруда.

Қала көшелері мен қиылыстарында жол белгілерін, жаяу жүргіншілер өткелдерін және қозғалысты басқаратын бағдарлам объектілерін орнату талдау және сараптама жүргізуді қажет етеді.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссия **қаулы етті:**

1. «Астана қаласы мәслихатының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі №50/9-VI «Астана қаласында автокөлік жолдарының дамуы және күтіп ұстау мәселелері бойынша атқарушы органдарының жұмысы» жөніндегі шешімінің орындалу барысы туралы» ақпарат ескерілсін.

2. **Астана қаласының әкімдігіне** «Астана қаласы мәслихатының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі №50/9-VI «Астана қаласында автокөлік жолдарының дамуы және күтіп ұстау мәселелері бойынша атқарушы органдарының жұмысы туралы» шешімін толық көлемде орындау бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылсын.

Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы



С. Жүнісов